КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 22 желтоқсан №7119-24-00-2/12715/13466 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.С.Алимбетовтың,
сот отырысының хатшысы А.П.Альтаеваның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

БІРІКТІРІЛГЕН ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Тауарды қабылдауға міндеттеу және шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
РМК-нің өкілі Р.Ж.Карабаева
ЖШС-тің өкілі А.К.Исмухаметов

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Прокурор Б.Рашитова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 8 мамырда «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен «UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Өнім беруші) арасында тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №1185/23 шарт жасалған.

Аталған шартқа сәйкес Өнім беруші медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге, ал Тапсырыс беруші оларды қабылдауға міндеттенген. Шарттың жалпы сомасы 147 000 000 (жүз қырық жеті миллион) теңгені құрайды.

Шартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жеткізілуге тиіс тауарлар:

- Hamilton T1 портативті өкпені жасанды желдету аппараты – 2 дана, жеткізу мерзімі 60 күнтізбелік күн;
- Basic Plus синусэхоскопымен жиынтықталған лор-комбайн – 1 дана, жеткізу мерзімі 90 күнтізбелік күн;
- Basic Plus ирригатормен жиынтықталған лор-комбайн – 1 дана, жеткізу мерзімі 90 күнтізбелік күн.

Өнім беруші тарапынан Hamilton T1 портативті өкпені жасанды желдету аппараттары шарт талаптарына сәйкес, толық көлемде және белгіленген мерзімде жеткізілген.

Алайда, Basic Plus синусэхоскопымен және Basic Plus ирригатормен жиынтықталған лор-комбайндар шартта көзделген 90 күнтізбелік мерзімде, яғни 2025 жылғы 6 тамызға дейін жеткізілмеген.

Содан жеткізу мерзімінің бұзылуына байланысты 2025 жылғы 20 тамызда жауапкерге сотқа дейінгі талап-хат жолданған. Соған қарамастан, тауар шартта көзделген мерзімде жеткізілмеген, нәтижесінде талап қоюшы республикалық бюджет қаражатын уақытылы игеру мүмкіндігінен айырылған.

Осы мән-жайларды негізге ала отырып, Тапсырыс беруші «UNIX Pharm» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, сондай-ақ шарттың 7.3-тармағына сәйкес 3 248 000 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрап сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюмен келіспей, жазбаша пікір ұсынып, тауарды жеткізу мерзімінің бұзылуын форс-мажорлық мән-жайлармен байланыстырғанын, сондай-ақ лор-комбайндардың 2025 жылғы 22 қазанда Тапсырыс берушінің мекенжайына жеткізілгенін көрсеткен.

Жауапкердің уәжіне сәйкес, жеткізілген тауар Тапсырыс берушінің аумағында орналасқанымен, қабылдау-тапсыру актілеріне қол қойылмаған және тауар қабылданбаған. Сонымен қатар, Жауапкер шарттың біржақты бұзылуын заңсыз деп санап, шарттық міндеттемелерді орындауға дайын екенін мәлімдеген.

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осыған байланысты, «UNIX Pharm» ЖШС жеке талап қоюмен сотқа жүгініп, Тапсырыс берушіні тауарды қабылдауға міндеттеуді және шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тануды сұраған.

Сот отырысында Тапсырыс берішінің өкілі талапты қанағаттандыруды сұрады.

Өнім берушінің өкілі қарсы пікірде көрсетілген мән-жайларға сүйене отырып, талапты қанағаттандырудан бас тартуды, өздерінің талап қоюларын сотттан қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор Тапсырыс берушінің талабын қанағаттандыруды, ал Өнім берушінің талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытынды берді.

Сот, талап қоюшы өкілінің және жауапкердің түсініктемелерін тыңдап, іс материалдарын зерделеп, ұсынылған дәлелдемелерді толықтай бағалай отырып, келесідей қорытындыға келді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Іс материалдарынан анықталғандай, 2025 жылғы 8 мамырда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №1185/23 шарт жасалып, оған сәйкес «UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі медициналық мақсаттағы бұйымдарды шартта белгіленген мерзімдерде жеткізу міндеттемесін қабылдаған, ал «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жеткізілген тауарды қабылдауға және оның ақысын төлеуге міндеттенген.

Шарттың талаптарына және оған қосымша болып табылатын 1 және 2-қосымшаларға сәйкес, синусэхоскоппен және ирригатормен жиынтықталған лор-комбайндар шартқа қол қойылған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 6 тамыздан кешіктірілмей жеткізілуге тиіс болған.

Көрсетілген тауарлар шартта белгіленген мерзімде жеткізілмеген.

Тапсырыс берушімен Өнім берушіге тауарларды жеткізу үшін 2025 жылғы 3 қыркүйекке дейін мерзім берілген. Алайда, бұл мерзім ішінде де тауарлар жетікізілмеген.

Аталған тауарлардың жеткізілмеуіне байланысты, Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушімен шарт біржақты тәртіпте 2025 жылғы 19 қыркүйектен бастап бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотпен анықталғандай, Лор-комбайндардың нақты жеткізілуі тек 2025 жылғы 22 қазанда жүзеге асырылған, яғни шарттық міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталғаннан және шарт бұзылғаннан кейін.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, міндеттеме шарт талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделмеген жағдайда іскерлік айналым әдеттеріне сәйкес орындалуы тиіс.

Демек, жеткізу мерзімінің бұзылуы Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағанын білдіреді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Өнім беруші жеткізу мерзімінің бұзылуына байланысты өз кінәсінің жоқтығын АПК-нің 72,73 баптарының талаптарына сәйкес, тиісті әрі жол берілетін дәлелдемелерді сотқа ұсына алмады.

Өнім берушінің форс-мажорлық мән-жайларға сілтемелері негізсіз деп танылады, себебі өндірістік немесе логистикалық қиындықтар, жеткізу тізбегіндегі іркілістер тараптың кәсіпкерлік тәуекеліне жатады және форс-мажорлық жағдайлар болып табылмайды.

Бұдан бөлек, Шарттың 10-тармағында көзделгендей, форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіні уақтылы жазбаша хабардар етуге міндетті, алайда бұл талап Өнім беруші тарапынан сақталмаған.

Іс материалдарынан, Өнім беруші форс-мажорлық жағдай деп есептейтін туралы хабарламаны шартта көзделген жеткізу мерзімі өткеннен кейін жолдаған.

Өз кезегінде, өндірушінің бұл хаты шарт бойынша форс-мажорлық жағдайға жатпайды, себебі тиісті құзыретті органмен куәландырылмаған.

Сондықтан, бұл мән-жайлар Өнім берушіні шарттық жауапкершіліктен босатуға негіз болмайды.

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Себебі, Өнім беруші шартта көзделген мерзімде өз міндеттемелерін орындамаған, тұрақсыздық айыбын ерікті түрде төлемеген, ал жеткізу мерзімінің бұзылуы Тапсырыс берушінің бюджет қаражатын уақытылы игеру мүмкіндігінен айырылуына алып келген, яғни Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарларды туындатқан. Сондай-ақ, тауарларды уақытылы жеткізбеу себебінен ем алушыларға кері әсерін тигізген.

Мұндай жағдайда, сот, Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіпте бұзуын заңды деп табады, себебі оны бұзу кезінде ешқандай заңсыздық орын алмаған және шарт талаптарына сәйкес бұзылған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді тиісті түрде, шартта белгіленген мерзімде орындамауын және шарттың заңды түрде бұзылғанын ескере отырып, сот талап қоюшының «UNIX Pharm» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды әрі негізді деп қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

Ал, Өнім берушінің тауарды кешіктіріп жеткізгеннен кейін жеткізілгені туралы уәждері Заң талаптарына сәйкес құқықтық мәнге ие емес, өйткені мемлекеттік сатып алу саласында шарт талаптарының орындалу мерзімі айрықша маңызға ие болып табылады және бюджет тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың құқықтық табиғатын ескере отырып, жеткізу мерзімінің себепсіз елеулі бұзылуы Тапсырыс берушіге шарттық қатынастарды тоқтатуға құқық береді. Бұл ретте, тауардың шартта көзделген мерзім өткеннен кейін жеткізілуі Тапсырыс берушіге оны қабылдау міндетін жүктемейді.

Өнім берушінің тауардың нақты жеткізілгені және оның Тапсырыс берушінің аумағында тұрғаны туралы уәждері істі мәні бойынша шешу үшін құқықтық маңызға ие емес, себебі тауар шартта белгіленген тыс мерзімнен және ол бұзылғаннан соң жеткізілген, ал мұндай жағдайда Тапсырыс беруші тауарды қабылдау міндетінен босатылады.

Мұндай жағдайларда сот, Өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде, сондай-ақ Тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде негізді түрде күткен нәтижелерін ала алмауына байланысты туындаған жағымсыз салдарларды ескереді.

Осыған байланысты, «UNIX Pharm» ЖШС-нің тауарды қабылдауға міндеттеу және шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы талаптары негізсіз деп танылуға жатады және оларды қанағаттандыруға құқықтық негіздер жоқ деп есептейді.

Тапсырыс берушінің тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын қарап, сот келесі шешімге келеді.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

7119-25-3-1/12758

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, талап қоюшы ұсынған тұрақсыздық айыбын есептеуді тексеріп, оны дұрыс деп таниды. Есептеу орындалмаған міндеттемелер сомасы 112 000 000 теңгеден, 2025 жылғы 7 тамыздан 2025 жылғы 3 қыркүйекке дейінгі 29 күн кешіктіру кезеңі үшін жүргізілген. Тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 3 248 000 теңгені құрайды.

Сот, Өнім берушінің қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, жауапкерден мемлекеттік баж өндіріруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 3 248 000 (үш миллион екі жүз қырық сегіз мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздығы айыбын және 97 440 (тоқсан жеті мың төрт жүз қырық) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«UNIX Pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қойған тауарды қабылдауға міндеттеу және шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья
А.С.Алимбетов

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2026, судья Алимбетов А. С., 22.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -